



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__годе

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 17-24/3103 от: 25.01.2018

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2017 жылғы 16 қарашадағы №ДЗ-281 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Тариф белгілеудің кейбір элементтерін өзгерту және электр энергиясын тұтынушылардың жүктемесін төмендетуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

2009 жылғы 1 қаңтардан бастап «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен сараланған энергия жүйесі жүктемесінің кестесін оңтайландыруға және тұтынушыларды энергия үнемдеуге ынталандыруға бағытталған тарифтер енгізілді.

Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдану тәжірибесі электр энергиясына арналған тарифтер деңгейлерінің елеулі айырмасының пайда болуына әкелді.

Мәселен, Астана қаласы бойынша тарифтер тәулік уақыты бойынша 1 киловатт/сағат ҚҚС-сыз **15,24** 7:00-ден 19:00 дейін, **31,50** 19:00 ден 23:00-де және **4,30** сағат 23:00-ден 7:00-де дейін құрады.

Сонымен қатар, тұтынушылардың басым көпшілігінің түнгі тұтыну режиміне көшуі іс жүзінде мүмкін болмағандықтан, кешкі уақытта электр энергиясына арналған тарифтер тұтынушылардың басым бөлігіне екі есеге артты.

Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша түнгі тариф өзіндік құнынан төмен болғандықтан, тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтердің қолдануы энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда шығындардың пайда болуына әкелді. Нәтижесінде 2015 жылы жабдықтаушы ұйымдардың шығындар сомасы шамамен 5 млрд. тг құрады.

Бұл ретте, бұл шығындар өзінің технологиялық процесін өзгерте алмаған және түнгі тұтыну үлесін ұлғайта алмаған тұтынушыларға (бюджеттік ұйымдар, тұрмыстық қызмет, дүкендер, асханалар желісі және т.б.), сондай-ақ түнгі тұтынуға көшпеген жеке тұлғаларға салмақ түсірді. Бұл әлеуметтік әділетсіздікке әкеледі.

Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді енгізудің негізгі мақсатына қол жеткізілген жоқ, өйткені 2009 жылдан бастап 2014 жылдар аралығындағы тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдану әсерін талдау нәтижелері көрсеткендей, электр энергиясын тұтыну құрылымы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Түнгі электр энергиясын тұтыну тек 0,5% артты және кешкі тұтыну тек 1,2% азайды.

Бұл талдау нәтижелері Ұлттық кәсіпкерлер палатасының алаңдарында және Қоғамдық кеңестермен, сондай-ақ Парламент Мәжілісі депутаттарының қатысумен бірнеше рет талқыланды.

Нәтижесінде электр энергиясына арналған тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтер алып тасталып, тарифтер тұтынушыларға екі есе төмендеді.

Анықтама:

- Астана қ. 31,50-ден 15,24 теңге/кВтч дейін (ҚҚС-сыз);
- Алматы қ. 33,68-ден 16,10 теңге/кВтч дейін (ҚҚС-сыз);
- СҚО 51,20-дан 19,50 теңге/кВтч дейін (ҚҚС-сыз);
- ШҚО 28,88-ден 11,57 теңге/кВтч дейін (ҚҚС-сыз);
- БҚО 37,64-тен 17,60 теңге/кВтч дейін (ҚҚС-сыз).

Тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді алып тастаумен, қоғамдық маңызы бар нарықтарда, соның ішінде электрмен жабдықтау нарығында баға реттеуді енгізу арқылы электрмен жабдықтау нарығын реттеуді азайту бойынша заңнамалық жұмыс жүргізілді.

Қоғамдық маңызы бар нарыққа жатпайтын субъектілер электр энергиясына өз бағасын, соның ішінде тәулік зоналары бойынша сараланған баға белгілеуге құқылы.

Бұл ретте мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып Ұлттық экономика министрлігіне жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, электр энергиясына арналған сараланған тарифтерді алып тастау салдарына талдау жүргізу және қажет болған жағдайда, заңнамаға тиісті түзетулер енгізу тапсырылды.

Б. Сағынтаев



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__годе

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 17-24/3103 от: 25.01.2018

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На № ДЗ-281 от 16 ноября 2017 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос касательно изменения некоторых элементов тарифообразования и снижения нагрузки на потребителей электроэнергии, сообщаем следующее.

С 1 января 2009 года согласно Закону «Об электроэнергетике» были введены дифференцированные тарифы, направленные на оптимизацию графика нагрузки энергосистемы и создание стимулов у потребителей к энергосбережению.

По информации Министерства национальной экономики, практика применения дифференцированных тарифов по зонам суток привела к возникновению значительной разницы уровней тарифов на электроэнергию.

Так, тарифы за 1 киловатт в час без учета НДС по времени суток по городу Астана составляли **15,24** с 7:00 до 19:00, **31,50** с 19:00 до 23:00 и **4,30** с 23:00 до 7:00.

При этом, большая часть потребителей фактически не имеет возможности перейти на ночной режим потребления, что привело к росту тарифов на электрическую энергию для основной массы потребителей в вечернее время более чем в два раза.

По информации Министерства национальной экономики применение дифференцированных тарифов по зонам суток привело к образованию убытков у энергоснабжающих организаций, так как ночной тариф был ниже себестоимости. В результате сумма убытков энергоснабжающих организаций за 2015 год по республике составила порядка 5 млрд. тг.

При этом, данные убытки ложились на плечи тех потребителей, которые не смогли изменить свой технологический процесс и увеличить долю ночного потребления (бюджетные организации, службы быта,

магазины, сеть столовых и т.п.), а также физических лиц, не перешедших на ночное потребление, что приводит к социальной несправедливости.

В связи с этим, по информации Министерства национальной экономики основные цели внедрения дифференцированных тарифов по зонам суток не были достигнуты, так как проведенный анализ эффекта от применения тарифов дифференцированных по зонам суток за период с 2009 по 2014 годы показал, что структура потребления электроэнергии в республике не претерпела существенных изменений. Ночное потребление электроэнергии увеличилось на 0,5%, а вечернее потребление снизилось на 1,2%.

Результаты данного анализа неоднократно обсуждались на площадках Национальной палаты предпринимателей и Общественного Совета, в том числе с участием депутатов Мажилиса Парламента.

В результате дифференцированные тарифы на электрическую энергию по зонам суток были отменены и уровень тарифов для потребителей снизился более, чем в два раза.

Справочно:

- г. Астана с 31,50 до 15,24 тенге/кВтч (без НДС);
- г. Алматы с 33,68 до 16,10 тенге/кВтч (без НДС);
- СКО с 51,20 до 19,50 тенге/кВтч (без НДС);
- ВКО с 28,88 до 11,57 тенге/кВтч (без НДС);
- ЗКО с 37,64 до 17,60 тенге/кВтч (без НДС).

Одновременно с отменой дифференцированных тарифов по зонам суток проведена законодательная работа по дерегулированию рынка электроснабжения с введением ценового регулирования на общественно-значимых рынках, в том числе на рынке электроснабжения.

Субъекты не относящиеся к общественно-значимым рынкам имеют право самостоятельно устанавливать цены на электрическую энергию, в том числе дифференцированную по зонам суток.

При этом, учитывая социальную значимость данного вопроса Министерству национальной экономики совместно с местными исполнительными органами поручено провести детальный анализ последствий отмены дифференцированных тарифов на электроэнергию, и в случае необходимости инициировать соответствующие поправки в законодательство.

Б. Сагинтаев